

Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы

Бекітемін

Оқу-ісі жөніндегі орынбасары *А.Ж.* Абдижалелова А.Ж

Білім беру ұйымы: М.Жұмабаев атындағы ЖББОМ

Сыныбы: мектепалды «В» сыныбы

Сынып жетекшісі Бекмырза Ж.И

Балалардың жасы 5 жас

Жоспардың құрылу кезеңі 06-10 қараша 2023-2024 оқу жылы

Күн тәртібі	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Балаларды қабылдау	Мұғалімнің балалармен қарым-қатынасы: отбасы туралы жеке әңгімелесу, қарым-қатынас және көтеріңкі көңіл-күй орнатуға ойындар ұйымдастыру. Жағымды жағдай орнату				
	«Дұрыс көрсет, ажырат» Міндеті: Балалардың тағамдар мен ыдыстар туралы біледі, олардың атауларын айта алады.	«Өзім және отбасым» Міндеті: Отбасындағы қарым - қатынас мәдениеті туралы айта алады бақытты жанұяның қандай болу керектігін кеңінен түсінеді	«Мамандықтың бәрі жақсы» Міндеті: балалар әр түрлі мамандық иелерін біледі.	«Бұны қай кезде киеді?» Міндеті: әр жыл мезгілінде қандай киімдер киетінін баяндай алады	Бақша да ма, бау да ма? Міндеті: Жемістер мен көкөністерді ажырата алады
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Ата-аналармен әңгіме: Балалардың тазалығы жөнінде кеңес беру	Ата-аналармен әңгіме: Ата-аналарға балаларын ертеңгілік жаттығуға үлгертіп алып келулерін ескерту.	Ата-аналармен әңгіме: Балалардың жетістік пен дәрежесі үшін емес, сол қалпында сөзсіз қабылдап жақсы көретінізді сездіріңіз.	Ата-аналармен әңгіме: Ата-аналарға балаларды тамақтарын тауысып жеуге үйретулерін ескерту.	Ата –аналармен әңгіме: «Дұрыс тамақтануға баулу»
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті	«Шарикті үрлеу». (үстел үсті ойыны)	«Гүлді құрастыру» Топтық ойын	Жапырақ гүлін жасау	Фантикті жинау	Қағазды бүктеу, жазу

<p>Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық</p>	<p>Шаттанамын, күлемін, Бақытты боп жүремін. Қатар тұрар шеңберде Досым көбін білемін</p>	<p>Шаттанамын, күлемін, Бақытты боп жүремін. Қатар тұрар шеңберде Досым көбін білемін</p>	<p>Шаттанамын, күлемін, Бақытты боп жүремін. Қатар тұрар шеңберде Досым көбін білемін</p>	<p>Шаттанамын, күлемін, Бақытты боп жүремін. Қатар тұрар шеңберде Досым көбін білемін</p>	<p>Шаттанамын, күлемін, Бақытты боп жүремін. Қатар тұрар шеңберде Досым көбін білемін</p>
<p>Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет</p>	<p>1 - ұйымдастырылған іс-әрекет</p>				
<p>Сөйлеуді дамыту Міндеті: - Зат есімдер мен жалпылаушы сөздерді дұрыс қолдана білуді дамыту Мақсаты Түбірлес сөздердің мағынасын түсіндіру</p> <p>Шаштараз Ұжымшарға жаңадан, Келген еді шаштараз. Өзі сондай таза адам, Өсіп кеткен шашқа араз Кім бөлмесе көңілін, Өсті екен деп баста шаш. Салақ болса кімде-кім, Соны ұнатпас шаштараз өлең ішінен түбірлес сөздерді тапқызу</p>	<p>Сауат ашу негіздері Міндеті: Дидактикалық ойындар арқылы буындардан сөз құрай алу дағдыларын дамыту Мақсаты: буындардан сөз құрауға үйрету</p> <p>«Буынға бөл» дидактикалық жаттығуы Балалар сөздерді буынға бөледі, неше буын бар екенін айтады. Буынға бөлуге болатын сөздер: күй-ші, би-ші, пы-сық, кі-ші, ә-кім, а-қын, ма-ман. «Буынды қос» дидактикалық ойыны – Балалар шеңберге тұрайық. Мен буынды айтып, бір балаға допты лақтырамын, бала допты ұстап алып, буынды қосып, сөзді жалғастырады. Мысалы:(ас+паз, кі+тап, ба+лық, ба+ла). Ойынды өзгертуге болады</p>	<p>Сауат ашу негіздері Міндеті: үш дыбысты сөздерге дыбыстық талдау жасау Мақсаты Дыбысты талдау жасау арқылы дауысты, дауыссыз дыбыстар туралы алған білімдерін естеріне түсіру</p> <p>«Кім білгіш?» дидактикалық ойыны Мысалы: б, л, р, ө, т, и, м, с, о, г, н, е, ш, у, ш, д, ж, з, с, ч, і, з, в, ы, ф, й, ц, у, к, а, н. Педагог дыбыстарды айтады, балалар дөңгелектерді көтеру арқылы дауысты немесе дауыссыз дыбыс екенін ажыратады. - Дауысты дыбыстарға қызыл текше; - дауыссыз дыбыстарға көк текше көтеру арқылы ажыратады</p>	<p>Сауат ашу негіздері Міндеті: Дыбысты талдау жасау арқылы дауысты, дауыссыз дыбыстар туралы алған білімдерін естеріне түсіру Мақсаты дыбыстық талдау туралы білімдерін жетілдіру . «Айтылған дыбысқа сөз ойла» дидактикалық ойыны. Дұрыс жауапқа педагог жұлдызша беріп отырады, ойын соңында жеңімпаз анықталады. 1-тапсырма. Педагог балаларға «д» дыбысы кездесетін сөздерге мысалдар келтіруге тапсырма береді. – Доп, дос, дорба, дән, дақыл, Дарын, дала, домбыра, Думан, дуадақ т.б. 2-тапсырма. Педагог балаларға «м» дыбысы кездесетін сөздерге мысалдар келтіруге тапсырма береді. – Макта, мысық, моншақ, мал, малта, Маржан, магнит, мейіз, мол, мақұл т.б. 3-тапсырма. Педагог балаларға «т» дыбысы кездесетін сөздерге мысалдар келтіруге тапсырма береді. – Тарақ, тақия, тазы, тоқым, толық, толқын, темір, табак, тиек, тара, тамақ, тал, тон, тұз т.б. Педагог бір баланы тақтаға «тал» сөзіне дыбыстық талдау жасатады. Қалған балалар</p>	<p>Көркем әдебиет Міндеті: -диалогтік сөйлеуді дамыту, кейіпкерлерге және олардың әрекеттеріне өз көзқарасын білдіру Мақсаты ертегі мазмұнын ойнату арқылы театр мәдениетіне баулу</p> <p>Балалар, суреттен нені көріп тұрсындар? – Мысық қалай дыбыстайды? – Ол нені жақсы көреді? – Бүгін «Мақтақыз бен мысық» атты қазақ халық ертегісімен танысамыз. Ертегі – әдеби жанрдың бір түрі екенін естеріне түсіру. Ертегінің әңгімеден айырмашылығы – ертегіні ойдан қиялдан құрастырады. Ертегіні оқып беріп, мазмұнын ашу Ертегі не туралы? – Мақтақыз не тауып алды? – Мақтақыз мысықты қалай жазалады? – Мысық қатық іздеп жүргенде нелерге кездеседі? – Мысық құйрығын қалай қайтарып алды?</p>	

				орындарында жасайды.	
--	--	--	--	----------------------	--

Үзіліс : Жүгіруге арналған ойындар «Аюдың апанында»

<p>Тілді жаттықтыратын жаттығулар...</p>  <p>1. « Айнаға қарап жаттығу жасау» 2. Бағынбайтын тілді жазала. Мақсаты: Тіл еттерін бағынышты етіп, кең түрде жалпийтып ұстауға үйрету; Бейнелеуі : Ауызды кішкене ашып, тілді астыңғы ерінге салу керек. Ерінді еппен қимылдатып, мынадай дыбысты шығару керек: «пя-пя-пя». Жалпақ тілді қалыпты жағдайда ұстай отырып, ауызды ашып, 1-10 дейін санау. Әдістемелік нұсқау : Төменгі ерінді бұрап, астыңғы тістерге тартпау керек; Тіл жалпақ болып , қырлары ауыздың бұрыштарына тимеу керек; Тілді ерінмен бірнеше рет, бір дем шығаруда шапалақтау керек. Бала демді бөгемеу керек. Жаттығудың орындауын былай бақылауға болады: мақтаны баланың аузына қарай әкеліп ұстау. Бала жаттығуды дұрыс істеп отырса, мақта ауытқып кетеді. Бұл жаттығу басқасымен қатар, бағытталған ауа ағынын істеп шығаруына мүмкіндік жасайды.</p>			<p>Ойын: « Аюдың апанында» Мақсаты: балаларды ойынның шартын бұзбай ойнауға, белгі бойынша, мәтіннің сөзіне сай қимыл-қозғалыс жасауға дағдыландыру, зейіндерін, байқағыштықтарын, жүгіру дағдыларын дамыту. Ойынның шарты: Бір жақта аюдың апаны болады. Екінші жақта балалар тұратын үй болады. Тәрбиеші аюды балалардың ішінен біреуін тағайындайды. Тәрбиеші: «Балалар қыдырып келіңдер», - дегенде балалар үйлерінен шығып, саңырауқұлақ теріп, көбелек ұстап, орман қыдырады /еңкееді, түзеледі, басқа қозғалыс жасайды/. Олар дауыстап айтады: -Біз аюдың қасында Жеміс- жидек тереміз, Аю ұйықтамайды, Аю ырылдайды. «Ырылдайды», - деген сөзден кейін аю үйлеріне қашып бара жатқан балаларды ұстай бастайды. Аюдың қолы тиген балалар аюдың апанында қалады. Бірнеше рет ұсталғаннан кейін аюдың рөліне басқа бала тағайындалады. Ойын 3-4 рет қайталанатын. Ұсыныс: Ойынның басқа нұсқасы болуы мүмкін- екі аюмен ойнауға болады.</p>
			
			

2 - ұйымдастырылған іс-әрекет

<p>Қоршаған орта Міндеті: Заттар, олардың белгілерін нақтылау және бейтаныс заттардың қолданылуын түсіну Мақсаты заттар, олардың белгілері мен ерекшеліктері туралы ұғымдарын қалыптастыру.</p> <p><i>«Көп ойла, сөз ойла» ойыны.</i> Балаларды екі топқа бөліп, топтағы ағаштан жасалған заттарды атауды және темірден жасалған заттарды атауды ұсынады.</p>	<p>Математика негіздері Міндеті: Өртүрлі оқиғалардың, апта күндерінің, тәулік бөліктерінің реті туралы білімді бекіту Мақсаты : уақыт ұғымдары туралы білімдерін қалыптастыру – Қабырғадан қарап тұр, Уақытты санап тұр. (Сағат) Ағайынды екеуі Шеңбер бойы жүргірген. Аласа бойлы ағасы Бір айналып өтеді, Ұзынтұра інісі Сағат сайын өтеді. (Сағат</p>	<p>Математика негіздері Міндеті: Өртүрлі оқиғалардың, апта күндерінің, тәулік бөліктерінің реті туралы білімді бекіту Мақсаты: уақыт ұғымдары туралы білімдерін қалыптастыру Сағаттың модельдерімен жұмыс Алдарыңызда жылжымалы тілі бар сағат моделі. Мен атаған уақытты сағат тілімен көрсету керек.</p>	<p>Математика негіздері Міндеті: Тәулік бөліктерінің ауысуын («кеше», «бүгін», «ертең»), анықтау Мақсаты уақыт ұғымдары туралы білімдерін қалыптастыру</p> <p>«Күн мен түн» дәстүрлі ойыны. Педагог «күн» деген кезде, балалар секіреді, «түн» дегенде, тоқтап қалады. Балалар ережеге сәйкес орындайды\ «кеше», «бүгін», «ертен»</p>	<p>Қоршаған орта Міндеті: Заттардың қандай материалдардан жасалғанын өз бетінше анықтау және талдау, олардың сапалары мен қасиеттерін сипаттау Мақсаты Тұрмыстық бұйымдарды қолдану кезінде қауіпсіздік ережелерін сақтауға дағдыландыру</p> <p>«Қасиетіне қарай топтастыр» ойыны. Педагог бір баланы шақырады. Ол бала теріс қарап үстел үстіндегі карточканы алады. Бала карточканы алып,</p>
---	--	--	---	--


	<p><i>1-топ ағаштан жасалған заттарды атайды.</i> <i>2-топ темірден жасалған заттарды атайды.</i> <i>Қай топ көп сөз айтса, сол топ жеңімпаз деп танылады</i> <i>«Көп ойла, сөз ойла» ойыны.</i> <i>Балаларды екі топқа бөліп, топтағы ағаштан жасалған заттарды атауды және темірден жасалған заттарды атауды ұсынады.</i> <i>1-топ ағаштан жасалған заттарды атайды.</i> <i>2-топ темірден жасалған заттарды атайды.</i> <i>Қай топ көп сөз айтса, сол топ жеңімпаз деп танылады</i></p>	<p>тілдері.) – Сағат адамға нені білуге көмектеседі? (Уақытты.) Бүгін біз оқиғалардың ұзақтығы мен кезектілігін, яғни ненің бұрын, ненің кейін болғанын анықтап білеміз Педагог балалардың таңертең, күндіз, кешке, түнде не істейтіні туралы сұхбат жүргізеді. Ата-аналар балаларды балабақшаға қашан әкеледі және қашан алып кетеді? Балалар қай уақытта ұйықтайды, түскі тамағын қай кезде ішеді?</p>	<p>Сағаттың 5 болғанын сағат тілімен қойыңдар. Сағат тілдерін қалай қойдыңдар? (Сағаттың қысқа тілі 5 цифрын, ал ұзыны 12-ні көрсетеді.)</p>	<p>сөздерін енгізу Балалардан кеше не болғанын еске түсіруді сұрайды. Ал бүгін не істеп жатыр? Ертең не істегілері келеді? 3 оқиға бейнеленген суреттер Мысалы, кеше олар ертегі оқыды, бүгін сурет салды, ертең олар гүлдерді суарады. Балалар сөздерді хормен қайталайды: кеше – ол өтіп кеткен. Бүгін – қазір болып жатыр. Ертең – ол болды.</p>	<p>ондағы ненің суреті екенін айтады. (Әйнек) Педагог тағы үш баланы шығарады. Балалар үстел үстіндегі әйнектен жасалған заттарды бос орынға қояды. Мысалы, гүлсауыт, бокал, банкі. Тағы бір бала шығып, ағаштың суреті бар карточканы алады. Үш бала шығып, ағаштан жасалған заттарды бос орынға жинайды: қарындаш, ағаш тақтай, ағаш табақ. Келесі шыққан баланың карточкасындағы сурет – темір. Темірден жасалған тәрелке, шеге, қасықты топтастырып, бір жерге қояды. «Адамға күнделікті жұмысын жеңілдететін нәрселерді тап» ойыны. Педагог ойын ережелерін түсіндіреді. – Мен сендерге әртүрлі суреттерді көрсетемін. Егер суретте адамның күнделікті өмірде жұмысын жеңілдететін зат көрсетілсе, шапалақтайсыңдар, ал егер ол басқа зат болса, шапалақтамай, тыныш отырасыңдар. Педагог балаларға әртүрлі суреттерді көрсетеді: шар, кіржуғыш машина, автомобиль, жалауша, миксер, гүл, электр пеші</p>
<p>Үзіліс: Затты лақтыру мен қағып алуға арналған ойындар « Дөңгелекті лақтыру »</p>					

<p>Тіл ұстарту жаттығуы</p> <p>1) Ша-ша-ша Жап жасыл шырша.</p> <p>2) Ар-ар-ар Қандай аппақ қар.</p> <p>3) Ыс-ыс-ыс Келіп қалды қыс.</p> <p>4) Лар-лар-лар Далада ойнайды балалар.</p>		<p>Ойын: « Дөңгелекті лақтыру » Мақсаты: Балаларды белгіленген бағыты көздей білуге, ептілікке, шапшаңдыққа үйрету. Ойынның шарты: Ойын дөңгелектерді көздеп лақтырудан тұрады, дөңгелектің диаметрі 15-20см. Ал таяқшаның ұзындығы 30-40см. Балалар қатарға тұрып 1,5-2метр ара қашықтықта дөңгелектерді таяқшаға дәлдеп лақтырып кіргізу керек. Балалар ойынды бірін кейін бірі жалғастырып ойнай береді.</p>
---	--	---

3 - ұйымдастырылған іс-әрекет

	<p>Қазақ тілі Міндеті: -Шағын өлеңдер, санамақтар жаттату, -Шағын өлеңдер, санамақтар жаттату, (кірікт. 25.10) Мақсаты санамақтар жаттау, тура және кері санау. Қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсініп және күнделікті өмірде қолдана білуге үйрету Дидактикалық ойын: «Кім тапқыр?». Бірден онға дейін сандарды ретімен қою, санау. 2 3 4 1 5 7 6 10 8 9 1 2 3 4 5 6 7 8 9 10 10 9 8 7 6 5 4 3 2 1 Ойын: «Баспалдақпен жоғары көтеру». Басбармақ пен сұқ саусақтың көмегімен жоғары тура санау, төмен кері санау (қол моторикасын дамыту). Санамақ жаттау. Бақшада жақсы аға Ойыншық береді. Бір балық, Екі шелек, Үш үйрек, Төрт түлкі, Бес бүркіт. 3-4 бала санамақты қайталайды.</p>	<p>Қазақ тілі Міндеті: Ауызекі сөйлеуді қарым-қатынас құралы ретінде дамыту Мақсаты апта күндерінің қазақша атауын дұрыс айту, есте сақтауға үйрету. Қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсіну Тақпақ «Апта күндері» Апта деген атайдың Жеті бірдей ұлы бар. Біріншісі – дүйсенбі, Екіншісі – сейсенбі, Үшіншісі – сәрсенбі, Төртіншісі – бейсенбі, Бесіншісі – жұма, Алтыншысы – сенбі, Жетіншісі – жексенбі . Дыбыстық жаттығу (айнамен орындалады). Ү-ү-ү-ү- дүүй-сенбі Ө-э-э- сээр-сенбі Ұ-ұ-ұ- жұұ-ма</p>	<p>Сөйлеуді дамыту Міндеті: Түбірлес сөздерді жасау және қолдана білу, етістіктерді жалғаулармен қолдану, Мақсаты , Балаларды тазалыққа, ұқыптылыққа тәрбиелеу –Балалар, таза, ұқыпты бала деп қандай баланы айтамыз? –Енді «ұқыпты бала» дегенге мағынасы қарама-қарсы сөз айтындаршы? –Сендер өздеріңді қандай балаға жатқызар едіңдер? –Өздерің таза жүресіңдер ме?</p>	<p>Көркем әдебиет Міндеті: Сахналық қойылымдарға қатысуға баулу Мақсаты сюжет бойынша ертегінің сахналау Ертегі жүйесін сақтап сахналау Педагог ертегіні қуыршақ театры арқылы сахналауды ұсынады. Сиқырлы қоржыннан алған ертегі кейіпкерлерінің суреті бойынша рөлдерге бөлінеді. Қалған балалар көрермен болады. Сахналау аяқталғанда көрермендерге қарап, иіледі. Көрермендер қол шапалақтайды. Жұмбақты шеш. Тонын киіп туған, Жалап бетін жуған. (Мысық)</p>	<p>Шығармашылық бейнелеу әрекеті Міндеті: - балаларды үй тұрмысына қажетті заттармен таныстыру; - Бақылаған заттың бейнесін бере білу, затты әртүрлі қалыптарда мүсіндеу - аталған заттардан қалауы бойынша қиып жапсыру, оларды ою-өрнектермен безендіру - Ойынға қажетті құрылысты бірлесіп ойдан құрастыруға, алдағы жұмысты бірге жоспарлауға, бір-бірімен келісіп орындауға, дайын құрылыспен ойнауға мүмкіндік беру Мақсаты:- құмыра туралы білімдерін жетілдіру, құмыраны сала білуге, мүсіндеуге, жапсыруға, құрастыруға үйрету Топтық жұмыстар</p>
--	--	---	---	--	---

Үзіліс: Кеңістікті бағдарлауға арналған ойындар «Оң жақта» .

<p>Саусақ гимнастикасы Саусақ ойындарын ойнату үшін алдымен балаларға қарапайым саусақ жаттығуларын жасату қажет. Саусақтары жаттыққан бала сөзді немесе өлеңді ойын қимылдарын тез орындап үйренеді.</p> <p>1. «Кір жуамыз». Балалар жұдырығын қысып, «кір жуамыз» дегенде екі жұдырығын бір-біріне тигізбей қарама-қарсы қозғалтады.</p> <p>2. Тары мен күрішті жинау. Балаға кішкене кесеге араластырылып салынған тары мен күріш беріледі. Тарыны бір кесеге, күрішті екінші кесеге салу тапсырылады.</p> <p>3. Қуыршақтың белбеуін байла. Балаға қуыршақ және үш өрімді белбеу беріліп, «қуыршақтың белбеуін байла» деп тапсырма беріледі. Алғашында қиынсынса көмектесу керек. Біртіндеп жаттығу күрделенеді. Әрі қарай баланың өзі де қуыршақтың, кейін өзінің белбеуін, аяқ киімінің бауын еркін байлайтын болады.</p>		<p>Ойын: «Оң жақта» Мақсаты: кеңістікті бағдарлауға дағдыландыру. Ойын барысы: балалар кілемді жағалай отырады. Кілемнің барлық жағында 5-6 ойыншықтан орналасқан.</p> <p>1 нұсқа: педагог балалардың оң қолдарын көрсетуін өтінеді. Кейін бір балаға ортаға шығып оң жағында қандай ойыншықтар тұрғанын атауын сұрайды. Ойын барысында келесі балалар да ойыншықтарды атайды, бірақ әр бала өз бағыттарын өзгертіп тұрады.</p> <p>2 нұсқа: педагог не бала бір қатарда тұрған ойыншықтарды атап шығады да, кілемнің ортасында тұрған баладан оның оң жағында қандай ойыншықтар барын атауын өтінеді.</p> <p>3 нұсқа: педагог бір баладан өзі атаған қатардағы ойыншықтардың (ойыншықтар атауын атайды) оң жағында орналасындай тұруын өтінеді.</p> <p>Қажетті заттар: әртүрлі ойыншықтар.</p>
--	--	---

4 - ұйымдастырылған іс-әрекет

	<p>Дене шынықтыру Міндеті: - кедергілерден өту арқылы әртүрлі жылдамдықпен – баяу, жылдам, орташа қарқынмен 1,5–2 минут тоқтамай жүгіру; Мақсаты: Оң және сол қолмен алысқа лақтыруға үйрету, қолды айналдырып алдымен төмен түсіріп, сонан соң көтеріп, түзу ұстап артқа жіберіп барып лақтыру шеберліктерін (машықтарын) дамыту Сызылған сызық бойына екі қатарға сап түзеп тұрады. Допты дұрыс ұстау қалпы: үш саусақпен доптың арт жағынан, бас бармақ және шынашақпен доптың екі жағынан ұстайды. Допты алысқа лақтыруға тырысады. Педагогтің бұйрығы бойынша допты жүгіріп барып алып келіп, саптың алдында тұрған баланың артына келіп тұрады. (4 рет)</p>	<p>Музыка Міндеті: -Балаларды шығармалардың эмоционалды мазмұнын, олардың сипатын, көңіл-күйін, динамикалық ерекшеліктерін ажырата білуге үйрету Мақсаты: динамикалық ерекшеліктерін ажырата білу Музыка тыңдау: «Аққу» (Н. Тілендиев, ұнтаспа) Ән айту: «Елтаңбасы елімнің» (Д. Омаров) «Сабантой» (Е. Хасанғалиев) Музыкалық-ырғақтық қимылдар: «Шеңберге тұр» (Л. Бетховен) Билер: «Асатаяқ биі» (қыздар) «Билеп үйренейік» жинағынан) Ойындар, хороводтар: «Аспаптардың дауысын ажырату»</p>	<p>Дене шынықтыру Міндеті: Еңбектеу, өрмелеу: жүру мен жүгіруді алмастырып, заттардың арасымен «жыланша» төрттағандап еңбектеу, кедергілер арасынан еңбектеу Мақсаты Командалық қимыл-әрекеттерді орындай отырып есте сақтау мен зейінін жақсартуына жағдай жасау. Лек-легімен келіп, кедергілер алабынан өтуге, өз әрекеттерін командасымен үйлестіруге үйрету Тізбекпен кедергілер алабынан өту. Тізбек құрып, кедергілер алабының қасына келеді. (Кегельдер, доғалар, құрсаулар, жолақтар). Белгі бойынша кедергілер алабынан өтеді: кегельдерді айналып өтіп, доғалардың астынан өтіп, жолақтың үстімен жүгіріп өтеді. Нұсқау – тізбек шашырап кетпеуі керек</p>	<p>Дене шынықтыру Міндеті: допты басымен итеріп, төрттағандап еңбектеу (арақашықтығы 3-4 метр) Мақсаты Еденде иректеліп жатқан жіп үстімен басына құм салынған қапшықпен қолды екі жаққа созып, тепе-теңдік сақтап және әдемі жүруді бекіту Тепе-теңдік «Түсіріп алма» ойын-жаттығуы: еденде иректеліп жатқан жіп үстімен басына құм салынған қапшықпен қолды екі жаққа созып жүру. Тепе-теңдіктерін сақтауға тырысады: дене бітімдерін түзу ұстап, бастарын төмен түсірмей, қолдарын екі жаққа созып, жіп үстімен жүреді</p>	<p>Музыка Міндеті: Музыкалық шығармаға көзқарасын білдіру, оның сипаты, мазмұны туралы айту. Мақсаты Музыкалық шығармаға көзқарасын білдіру, оның сипаты, мазмұны туралы айту Музыка тыңдау: «Аққу» (Н. Тілендиев, ұнтаспа) Ән айту: «Елтаңбасы елімнің» (Д. Омаров) «Сабантой» (Е. Хасанғалиев) Музыкалық-ырғақтық қимылдар: «Шеңберге тұр» (Л. Бетховен) Билер: «Асатаяқ биі» (қыздар) («Билеп үйренейік» жинағынан) Ойындар, хороводтар: «Аспаптардың дауысын ажырату»</p>
--	---	--	--	--	--

Серуенге дайындық	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.
<p>Серуен</p>	<p>Бақылау: Шықты бақылау. Мақсаты: Күз ерекшеліктерін көрсете түсіндіру, шықтың пайда болу жолы. Еңбек : Ағаш бұтақтарын жинау. Мақсаты: Балалардың бірлесіп жұмыс жасауға баулу, бастаған істерін аяғына дейін тыңғылықты жасауға үйрету. Жеке жұмыс: « Менің Отаным » өлеңін жаттату. Отан – менің ата-анам, Отан-досым , бауырым. Отан-өлкем, астанам, Отан-туған ауылым. Мақсаты: Отанын сүйе, құрметтеуге тәрбиелеу. Патриоттық сезімдерін арттыру. Ойын: « Қояндар секіреді » . Мақсаты: Қос аяқпен секіруге үйрету.Ептілікке, шапшаңдыққа баулу. Қимылдық ойын: « Қаздар мен бақташы » . Ойын барысы: Ойыншылардың ішінен қасқыр мен бақташы таңдап алады.Басқа балалар болады.Ортадан бір сызық созылады.Ол-қаздардың үйі болады.Бақташы қаздарды жайып шығады.Олар далада жайылып жүреді. Бақташы: Қаздар, қаздар!? Қаздар: га,га,га Бақташы:тамақ жейсіңдер ме? Қаздар: иә, иә, иә. Бақташы: Ендеше ұшыңдар. Қаздар:жоқ, аш қасқыр бар Жібермейді ол жолда Бақташы: тез ұшыңдар</p>	<p>Бақылау: Өткінші жаңбырды бақылау. Мақсаты: Өткінші жаңбыр туралы түсінік беру. Жаңбырдың пайдасы , жаңбыр жауғанына қарап егістікті, бау бақшаны , саяжайдағы көкөніс, жеміс – жидек бәрін қолдан жауындатып суарудың пайдасын ашып түсіндіру. Еңбек : Ағаш түптерін қопсыту. Мақсаты: Ағаш түптерін қопсыту арқылы балаларға өсімдіктерге тыңайтқыш заттар топырақ арқылы баратындығын түсіндіру. Жеке жұмыс: « Еңбекпен ел көгерер, Жаңбырмен жер көгерер » . Мақсаты: Мақал үйрету арқылы балаларға өсімдіктерге тыңайтқыш заттар топырақ арқылы баратындығын түсіндіру. Қимылдық ойын : « Допты қуып жет » . Балаларды тез жүгіруге үйрету, шапшаңдыққа , ептілікке тәрбиелеу. Қимылдық ойын: « Кім тезірек? » Мақсаты: Секіргішпен секіруге үйрету, секіру қабілетін дамыту, ептілікке тәрбиелеу. Ойын барысы: Балалар қолдарындағы секіргішпен алаңның бір жағына, бір-біріне бөгет жасамай сапқа тұрады.Олардан 15-20 қадам қашықтықта сызық созылады немесе жалаушалар байланған жіп тартылады.</p>	<p>Бақылау: Күздегі өсімдіктердің түсін бақылау. Мақсаты: Күзде өлі табиғатта болатын құбылыс өсімдіктерге деэсер ететіндігін түсіндіру. Еңбек : Біздің ойын алаңы Мақсаты: Ойын алаңындағы сарғайып түскен жапырақтарды жинау.Еңбекқорлыққа баулу. Жеке жұмыс : Жел тынымсыз гүлдеп, Болып кетті тым бұзық Шуылдайды тал терек, Жапырағын жұлғызып. Мақсаты: Тақпақ үйрету арқылы балалардың есте сақтау қабілетін дамыту, тілдегі дауыс ырғағының мәнерлігін сезінуге үйрету.. Қимылдық ойын: « Айгөлек-ау, айгөлек » . Мақсаты: Қимыл-қозғалысын дамыта отырып, шапшаңдыққа, ептілікке баулу. Қимылдық ойын: « Фигура жасап шық » Ойын барысы : Ойнаушылардың арасынан бастаушы таңдалынып алынады.Ол шеткірек тұрады. Балалардың қалғандары жүгіреді , бір аяғымен екінші аяғын шалыс баса (ирек жүріспен) алаң бойы секіреді. Тәрбиешінің сигналынан, дабыл қағу немесе « тоқта » деген сөзден кейін барлығын орындарына барып қозғалмай тұрады.Басқарушы барлық « фигураларды » айналып шығып , ең ұнайтынын таңдап алады. Енді басқарушы бала беруші болып саналады да, ал алдыңғы басқарушы қалған балаларға қосылады да , ойын қайталанады.</p>	<p>Бақылау: Ауа-райын бақылау. Мақсаты: Күннің қаниа градусқа төмендегенін бақылау. Күзгі табиғат құбылыстарын түсіндіру. Еңбек : Гүл тұқымдарын жинау. Мақсаты: Гүлдің тұқымнан өсетінін түсіндіру, көктемде тұқымды гүлзарларға себетіндігіміз, тұқымнан гүл өсетіндігін түсіндіру. Жеке жұмыс: Сипап өткен самалға, Тербеледі сары алма. Көз салып едім бақшаға, Қауын біткен сары ала. Дидактикалық ойын: « Жемістер мен көкөністер » . Мақсаты: Жемістер мен көкөністерді ажырату.Олардың адам азасына тиіздер пайдасын түсіндіру. Қимылдық ойын: « Тышқан мен мысық » Мақсаты: Балаларды тату ойнауға үйрету.Тез жүгіруге , ептілікке, шапшаңдыққа тәрбиелеу. Қимылдық ойын: « Доппен ұрып алу » . Ойын барысы: Балалар дөңгеленіп тұрады.Тәрбиеші жүргізушіні таңдап алады да , допты береді. « Бір, екі , үш » дегенде балалар жан-жаққа қашады. Жүргізуші доппен ұрады.Кімге тисе сол ойыннан шығады:Ойын осылай жалдасады. Еркін ойын: « Қуыршақты киіндіреміз » . « Отбасы » Тренинг: « Біз көңілді балалар » .</p>	<p>Бақылау: Көгершінді бақылау. Мақсаты: Балаларға көгершінің немен қоректенетіні, қайда мекендейтіні , тұжысы дәне пішіні түсі, қалай дыбыстайтынын үйретіп , оларға қамқорлық жасауға тәрбиелеу. Еңбек : Ауладағы құстарға жем беру. Мақсаты: . Табиғатты аялай білуге , құстарға қамқор болуға тәрбиелеу. Жеке жұмыс: Жылы жаққа ұшпайтын Біздің жақта қыстайтын Құстар әжүрсе жуықта, Жем шашуды ұмытпа! Мақсаты: Балаларға тақпақ жаттата отырып , есте сақтау қабілеттерін дамыту, тілдегі дауыс ырғағының мәнерлігін сезінуге мүмкіндік туғызу. Ойын: « Шымшық доп » . Мақсаты: Допты қатты тебуге, оны ұстап алуға үйрету.Ептілікке, жылдамдыққа тәрбиелеу. Қимылдық ойын: « Ұстаушы, лентаны ал » . Мақсаты: Балаларды шапшаңдыққа , тапқырлыққа , жылдам шешім қабылдауға үйрету. Ойын барысы: Ойнаушылар шеңбер жасап тұрады, ұстаушыны таңдап алады.Ұстаушыдан басқасы түсті матаның немесе лентаның қиындысын алады да, оны мойнынан айқара айналдыра байлайды. Ұстаушы шеңбердің ортасында тұрады.Тәрбиешінің « Жүгір » деген сигналы бойынша балалар бет-бетімен алаңға кетеді.Ұстаушы ойнаушылардың соңынан жүгіріп, біреуінің лентасын суырып алуға тырысады.Лентасынан</p>

	<p><i>қалайда ! Осы кезде қаздар қанаттарын қазып ұшып бақташыға қарай жүгіреді. Қасқыр ұстағандарын жинап қояды. Екі рет ояғандарында ауысып басқа балаларға кезек береді. Еркін ойындар. Тренинг: « Қаздар болып ұшайық » .</i></p>	<p><i>Балалар келісілген сигнал бойынша бір мезгілде сызыққа бағыттала секіреді.Тәрбиеші сызықтың үстіне түскен баланы белгілеп алады. Тренинг: « Қолшатыр » .</i></p>	<p><i>Балалардың өз бетімен ойын ұйымдастыру: Қуаласпақ. Тығылыспақ. Тренинг: « Киіз үй » .</i></p>		<p><i>айрылғандар уақытша бір жаққа шығып тұрады.Тәрбиешінің: « Бір, екі, үш, тездете шеңберге жүгір! » деген сигналы бойынша балалар шеңбер құрып тұрады. Ұстаушышы алынған ленталардың санын есептеп, оны балаларға қайтып береді.Ойын жаңадан ұстаушы тағайындаудан басталып , қайталанатын. Тренинг: « Құс болып ұшайық »</i></p>
<p>Балаларды үйге қайтару</p>	<p>Ата –аналарға кеңес Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейрімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз.</p>	<p>Ата –аналарға кеңес Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейрімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз.</p>	<p>Ата –аналарға кеңес - үйдегі жағдайда баланың өзіне - өзі қызмет етудің алғы шарттарына үйрете беріңіз: жуыну, қолын сұрту, шешіну, өз бетімен тамақтану, тамақ ішкенде қасықты пайдалану, горшокқа сұрану. Киімдері міндетті түрде өзіне ыңғайлы болуы шарт: шалбар не болмаса шорты замоксыз, белдеушесіз.</p>	<p>Ата –аналарға кеңес Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейрімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз.</p>	<p>Ата –аналарға кеңес - баламен жағымды эмоционалдык жағдайлар жасау қажет, ол көбіне ата – ана жағынан болуы қажет, мектеп туралы, оның өзіне керектігін түсіндіріп балаңызды сүйіп, аймалап, жиі оған өз мейіріміңізді көрсетіңіз. Балаңыздың көзінше мектеп туралы өзіңізді толғандыратын мәселені айтудан аулақ болыңыз.</p>